

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 3 (2020)**  
**Павлодар**

# НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

## Филологическая серия

выходит 4 раза в год

---

## СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

## Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

---

## Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

## Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ZNXL2054>**А. Б. Нұртаева, Г. Қ. Абдирасилова**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**ЭНАНТИОСЕМИЯ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ  
МАҒЫНАЛАРЫН ШЕКТЕУШІ ҚҰРАЛДАР**

*Мақалада энантиосемияның түрлері және энантиосемиялардың функционалдық өзгешелігіне, түзілісіне, жасалу жолдарына қарай жіктелісі сөз болды. Энантиосемия – объективті құбылыс. Кейін пайда болған энантиосемиялар көпмағыналылықтың нәтижесінде пайда болған. Энантиосемия барлық тілде бар құбылыс болғанмен, жеке құбылыс ретінде зерттеп, қарастырғандар санаулы ғана. Функционалдық өзгешелігіне, қарама-қарсы қойылған семантикалық жұптарының табиғатына қарап, энантиосемиялар екіге бөлінеді: номинативтік энантиосемия және эмоционалды-экспрессивті энантиосемиялар. Номинативтік энантиосемия және эмоционалды-экспрессивті энантиосемиялардың даму ерекшеліктері және олардың мәтінде берілуін мысалдар арқылы айқындалды. Тіліміздегі әр сөзге әртүрлі мағыналық реңк беріп, айта беруге болады, десе де олардың бәрін бірдей энантиосемияларға жатқызуға болмайтындығы қарастырылды.*

*Кілтті сөздер: Энантиосемия, көпмағыналылық, семантикалық жұп, номинативтік энантиосемия, және эмоционалды-экспрессивті энантиосемиялар.*

**Кіріспе**

Тіліміздегі сырлы, мағынасы құбылып тұратын тілдік бірліктердің бірі энантиосемия – лексикологияның зерттеу нысаны.

Тіл білімі терминдерінің сөздігінде «Энантиосемия (от греч. enantios – противоположий, противоположный + сема – знак). Развитие в слове антонимических значений, поляризация значений. В слове «наверно» устарелое значение «наверняка» и современное «вероятно, по-видимому». В слове «честить» устарелое значение «оказывать честь, проявлять уважение» и современное «бранить, ругать, поносить» [1]. Ал қазақ тіл білімінде энантиосемия құбылысы антонимия аясында қарастырылып

келеді: мәселен, Ж. Мусиннің, А. Жұмабекованың, А. Жүсіповтің, М. Нұрбердиевтің еңбектерін атауға болады. Ж. Мусин «Қазақ тіліндегі антоним сөздер» атты зерттеуінде: «Тілімізде антонимдердің кейде өзінің негізгі мағынасына тікелей қарсы мәнде жұмсалатыны бар... Бұл әдетте мысқылдау, шенеу мақсатында қолдану нәтижесінде жасалады да, ирония жасаудың таптырмайтын құралы болады» [2, 190 б.]. Энантисемия барлық тілде бар құбылыс болғанмен, жеке құбылыс ретінде зерттеп, қарастырғандар санаулы ғана. Мысалы, антонимнің бір қыры ретінде немесе көпмағыналы сөздер аясында қарастырылған.

**Зерттеудің нысаны:** Энантисемия түрлері және олардың мағыналарын шектеуші құралдарын анықтау.

**Зерттеудің пәні:** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы

**Мақсаты:** Энантисемиялардың функционалды өзгешелігіне, түзілісіне, жасалу жолдарына қарай жіктелісін қарастыру.

**Міндеттері:**

- Энантисемияның тіл білімінде зерттелуі, зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне шолу;

- Энантисемия түрлеріне сипаттама жасау;

- Энантисемия мағыналарын шектеуші құралдарын анықтау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Байырғы энантисемиялардың пайда болуы ертедегі тіліміздегі тілдік бірліктерге барып тіреледі. Әрине, ертедегі адамдар тілі өздерінің ойлау дәрежесіне сай болған. Мысалы, бір заттың не құбылыстың бір-біріне қарама-қарсы құбылысын бір сөзбен атау үрдісі болған. Бірақ олардың ойлауының диффузды болғаны тілдің де симпрактикалық болуын шарттаған. Осылай бір заттың екі түрлі қырын атағаны адамдардың ұғымдық ойлау жүйесінен хабар береді. Кейінгі энантисемиялар да тілімізде басқа жолдармен пайда болмаған. Олардың пайда болу жүйесі де бірінші байырғы энантисемиялар секілді жолдардан, пайда болу этаптарынан өткен. Кейінгі энантисемиялардың сөздіктер жүйесінде өзінің арнайы мағынасы беріліп, одан кейін, энантисемиялы мағыналарға ауысады.

Қырғыз ғалымы Д. Осмоналиева шартты түрде энантисемияның екі түрін көрсетуге болады деп есептейді: 1) байырғы энантисемиялар; 2) кейінгі энантисемиялар [3].

Мысалы, кей түркі тілдерінде баба сөзі ата мағынасында қолданылса, енді бір тілдерде әйел, ене деген мәндерде жұмсалады. Осыған қарап, байырғы энантисемиялардың жаралу себептерін анықтауда оларды диахрондық сипатта теріп, қарастырған жөн.

Баба. 1. Арғы ата, ұлы ата. 2. Қарт адамды қадір тұтып, құрметтеу мағынасында айтылатын ишарат сөз. Қазақ ұғымында, тіпті жалпы

түркі ұғымында баба сөзі қастерлі, құрметті. Ал енді мына бабай сөзінде ол қалайша керісінше мағынаға көшкеніне таң қаламыз. Бірақ мұндай мағынаның бар екені тілдік дерек. Мына мағыналарына наза аударып көрейік.

Бабай эмоц. 1. Баба сөзінің құрметтеу, сыйлау мағынасында қолданылған құрметтеу түрі. 2. Жас балаларды қорқытқанда айтылатын сөз [4, 95 б.]. Бірінші мағынасындағы «баба сөзінің құрметтеу, сыйлау мағынасында қолданылған құрметтеу түрі» тіліміздегі ата+й, аға+й секілді –й тұлғасының мағынасынан туындаса керек. Сондай-ақ бұл сөз неге жас балаларды қорқытқанда айтылады. Себебі қазақтардың ер аданан аяқ тартуымен, сонымен қатар шоқша сақал қоған түсі суықтықтан да болуы мүмкін деген тұжырым жасаймыз.

Энантосемияны тарихи, диахрондық құбылыс ретінде қарастыру жөн, дегенмен, тектес тілдер, диалектілер, говорларда көбірек ұшырасады. Шындығында, тіліміздегі энантосемиялардың көпшілігін кейінгі энантосемиялар толықтырады. Бұл жердегі кейінгі энантосемиялар деп отырғанымыз соңғы жылдары пайда болған энантосемиялар түзеді. Мәселен, қазіргі жастар тілінде қолданылып келе жатқан жынды, қиын секілді сөздер қатарын жатқызамыз.

Энантосемия көпмағыналылықтың бір түрі болған соң, ол да тілдің дамуындағы өте өнімді процесс болып саналады және адам еркінен тыс, сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуынан, экстралингвистикалық факторлардың әсерінен жасалады. Мысалы, шығу сөзін алайық. Бұл жөнінде қырғыз ғалымы Д. Осмоналиева «чығуу – бул бирдей, окшош эле процесс, кыймыл-аракет, бирок ошол процессти ар башка нерсеге колдоногондо карама-каршы натыйжа келип чыгат. Тилдик жаатта алганда, бир эле сөздү эки башка объектиге карата колдонгондо, ал карама-каршы мааниге ээ болуп икалат, антекни эки башка нерсеге карата колдонулган кыймыл-аракеттин өзү карама-каршы натыйжаны берет» [3, 12 б.]. Энантосемия – объективті құбылыс. Кейін пайда болған энантосемиялар көпмағыналылықтың нәтижесінде пайда болған. Ал сөз семантикасының өзгерісін мынадай жағдайлар мен құбылыстар түзеді: 1) әдеби тілдің ауызекі стилі, қарапайым лексика, кәсіптік лексика, жаргон, диалект, говор; 2) табу мен эвфемизмдер; 3) сөздердің эмоционалдық-экспрессивтік мағынасын, реңкінің өзгерісін; 4) - сыз қосымшасы, 5) синтаксистік бірліктер, 6) өзге тілден енген сөздер.

Көне немесе байырғы және кейінгі энантосемиялар жаралу өзгешелігі мен механизмі бойынша өз ішінде мынадай айырмашылықтары болады: байырғы энантосемиялар көпмағыналы да, кейін пайда болған энантосемиялардың мағыналары көп емес. Кейінгі энантосемия әу баста бір мағыналы болып қалыптасқанмен, кейін қарама-қарсы мәнді қосып алып,

энантиосемиялық мәнге ие болған. Байырғы энантиосемиялардың ішінен эмоционалды-экспрессивтік мәнге ие энантиосемияларды кездестірмейміз.

Функционалдык өзгешелігіне, қарама-қарсы қойылған семантикалық жұптарының табиғатына қарап, энантиосемиялар екіге бөлінеді: 1) номинативтік энантиосемия 2) эмоционалды-экспрессивті энантиосемиялар.

Энантиосемиялар эмоционалды-стилистикалық жағынан алғанда бейтарап, нейтралды болып келеді де олардың сыңарлары эмоцияны, бағалауды білдірместен, құбылысты, кимыл-әрекетті атап көрсетумен шектеледі. Ал номинативтік энантиосемияларды үшке бөліп қарастыруға болады: 1) етістік, 2) атауыштық (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, 3) шылау (союз). Бұлардың ішінен етістік энантиосемиялар сан жағынан көп. Мұның себебі етістің семантикалық өзгешелігі, өзге сөздермен қарама-қарсыласу мүмкіндігінің кеңдігімен түсіндіріледі. Энантиосемиялардың біраз топтары бар: Пайда (белгілі) болужаралу, жоқ болу, жоғалу (мұндай семантикалық топтағы энантиосемиялар тілімізде көптеп ұшырасады). Көбею – көбею, азаю, баю – көбею, азаю.

Етістік энантиосемиялардың мағыналары лексикалық құрал, лексика-морфологиялық құрал. Екеуі де қарама-қарсы мәнде қолданылады.

Зат есімнен жасалған номинативтік энантиосемиялар. Бұл энантиосемияның түрі бір нәрсенің алғашқы шыққан жері, жоғарғы жағы, бастауы – аяғы, ұшы, соны деген мағыналарда жұмсалады.

Шілде – ыстық мезгіл; Шілде – қырық күн шілде суық мезгіл. (Шілдесі жарық көрмеген – өмір сүрген, бірақ ештеңе көрмеген)

Сын есімнен жасалған энантиосемиялар: қамсыз – ештеңеден хабары жоқ, қаннен қаперсіз; қамсыз – бәрінен қамсыз болып, ештеңені ойламайтын толысқан деген мағынасы да бар.

Масқара – жаман, масқара – өте көп, күшті.

Жөнсіз – жаман, жөнсіз – керемет, мықты.

Номинативтік және эмоционалды-экспрессивті энантиосемиялар бір-бірімен қарама-қарсы мәндерімен ажырайды. Бұл жағынан алып қарағанда олар ұқсастығын байқаймыз, екінші жағынан мынадай айырмашылықтарды байқауға болады:

А) номинативтік энантиосемиялар эмоционалды-стилистикалық жағынан бейтарап, нейтралды болып келсе, эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялардың қарама-қарсы мағынада қолданылуы тікелей эмоцияға, бағалауға байланысты. Ә) Эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялар контекст және дайын күйінде қолданылса, номинативтік энантиосемияларда мындай шартталуға қарағанда, әлсізірек болып келеді. Сөздің эмоционалды, экспрессивтік, бағалау мағыналары өзара байланыста болады және эмоционалды-экспрессивтік энантиосемияларда бұл үшін мағынасы тең

әртүрлі дәрежеде қатысады. Осындай сөздердің лексикалық мағынасы негізінде пайда болып, қалыптасады. Эмоционалды-экспрессивті энантиосемиялар өздерінің маңызы бойынша номинативтік энантиосемиялардан ешбір ерекшеленбейді. Өйткені мұнда бір сөз қарама-қарсы мағынада қолданылады. Бірақ бұл жерде екеуінің ортасында атап айтатындай өзгешелік жоқ деген пікір тұмауы керек. Екеуінің өзара айырмашылығы нәтижесінде мына мәселелерді бөліп көрсетуге болады: 1) эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялардың қарама-қарсы мағынада қолданылуы бағалау және эмоциямен тікелей байланысты болады. Олардың жасалуы, қарама-қарсы мәнде қолданылуы эмоция мен бағалауға байланып тұрады.

Эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялар өздерінің табиғаты бойынша өзара өзгешеленіп тұрады. Сондықтан оларды шартты түрде әртүрлі семантикалық топтарға бөліп қарауға тура келеді. Біз бұл жерде әр топқа өзінше тоқталардан бұрын қаралып жатқан мәселеге тікелей байланысы бар эмоционалды мағынасы бағалау және экспрессивтілік деген мәселелерді шешіп алған жөн.

Сөздің эмоциялық мағынасы жайдан-жай пайда болмайды. Ол сөздің лексикалық мағынасы негізінде жасалады. «Лексикалық мағынасы зат пен олардың сипатын атап көрсетуге негізделсе, эмоционалды мағынасы сөйлеушінің осы сипаттар негізінде пайда болған субъективті көзқарасы, бағалауы арқылы анықталады» [5, 48 б.]. Мысалы, Қайғырмашы, кемпірім! Ұйықтап қалғаным бір жағынан дұрыс болыпты, бір керемет түс көрдім деген сөйлемдегі кемпірім сөзі, бір жағынан, жасы ұлғайған, көрі әйел деген мағынаны білдіріп, заттың атын білдірсе, (бұл – оның лексикалық мағынасы) екінші жағынан ішкі сезімді – еркелету мағынасын білдіреді. Бұл – оның эмоционалды мағынасы. Бұл жердегі нақтылайтын, айта кететін нәрсе – ол негізгі лексикалық мағынасының эмоционалды мағынаның тууына негіз болады. Эмоционалды мағына туған кезде лексикалық мағынасы белгілі бір дәрежеде көмескіде қалады [5, 25 б.].

Егер де сөз қарама-қарсы мәнде жұмсалып, эмоционалды мәнді берсе, бұл сөз міндетті түрде бағалау қасиетіне ие деген сөз. Эмоционалды компоненттен ерекшеленіп, сөздердің синтаксистік байланысына қарай, контекст негізінде айқындалады. Бағалауда, негізінен, жақтыру, жақтырмау мәндері бар. Сонымен қатар орташа бағалау түрі де кездеседі. Осыған қарап, бағалаудың үш түрі бар деп санаймыз. Десек те, бағалаудың үш түрінің ішінде ең көп қолданылатындары жақсы және жаман мәндері. Лексикалық мағынаның эмоционалды-экспрессивті энантиосемияға айналуы тұрғысынан ғана қарастырып отырмыз. Ал, негізінен, лексикалық мағынаның ауқымы бұдан да кеңірек. Бұған қоса айтарымыз қазақ тіл білімінде эмоциялық мәнге ие сөздер, экспрессивті мәнге ие сөздер және

бағалауыш мәнге ие сөздер жеке-жеке қарастырылу керек. Бірақ біздің тіл білімінде эмоционалды-экспрессивті сөздер деп қосарланып келген термин арқылы айқындау басымырақ. Эмоционалдық бағалауыш лексиканы 2 топқа бөліп қарастыруға болады: 1) ризашылықты білдіретін сөздер, 2) наразылықты білдіретін сөздер. Бұлардың бірінші тобы оң бағаны білдірсе, екіншісі теріс, жақтырмайтын мәнге ие. Бірақ бұл жерде ризашылық пен наразылықтың тууына қандай нақты эмоция мен сезім әсер етеді деген сұраққа эмоционалды-бағалауыш сөздердің бойындағы макросема жауап береді. Сондықтан қырғыз ғалымы А. Сапарбаев мыңға жуық сөздердің өзара 13 (жақсы көру, сүю, жалыну, қолдау, қуаттау, еркелету, разы болу, таң қалу, шошу, өкіну, наразы болу, көңіл айту, жұбату, аяу, бауырына жаны ашу, қарсы болу, жақтырмау, мысқылдау, табалау, масқаралау, жоқтау, армандау, кекету, ашулану, жек көру секілді мәндерін келтірсе, профессор Б. Усубалиев тоғыз (жақсы көру, ерекелету, жалыну, разы болу, жақтыру, қуаттау, сұқтану, аяу, қалау-тілек, сұраныс, өтініш, арман, өкініш, аңсау, жақтау, таң қалу, шошу, жақтырмау, жек көру, қарғау, қарсы болу, жекіру, көңіл жұбату, көңіл айту, мысқылдау, табалау секілді семантикалық топтарға бөліп қарайды [6, 46–48 б.]. Бұл бір. Екіншіден, эмоционалдық бағалауыш мағынаны білдіретін сөздердің көпшілігі энантиосемиялық қасиетке ие. Разы болу, жақтыру – оң мәні, наразы болу, жақтырмау – теріс мәні болып, карама-қарсы мәнде қолданылады.

Эмоционалды-экспрессивтік энантиосемияларға байланысты тілдік деректерді жинастыруда, біздің ойымызша, мынадай 2 мәселеге көңіл аударған дұрыс. 1) эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялардың пайда болу және даму себептерін ашып беру және 2) оларды өзара семантикалық топтарға бөлу. Бұл екі мәселені тығыз байланыста қарау керек. Өйткені, біріншіден, эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялар жасалуларына қарай өзара айырмашылығы болмай қоймайды. Және оның қайсысы семантикалық топқа кірерін анықтауда дәл осы мәселе бірінші орында тұрады да, екіншіден, мұндай типтегі энантиосемиялардың әрбірін семантикалық топқа жіктей салу қиын, себебі олардың көпшілігі көпмағыналы, құбылмалы болып келеді. Мысалы, байғұс сөзін алып қарайық: Контекске қарай бірде жаны ашу, бірде кекету, енді бірде еркелету, жақтырмай т.б. секілді семантикалық топқа қосамыз. Бұған қоса олардың мағынасын анықтап, шектеуші құралдардың да көлемі өте үлкен. Мысалы, бұл сөздің мағынасы бір сөйлемнен емес, кей жағдайда бүтіндей бір көркем шығарма атқаруы мүмкін жағдайлар да кездеседі. Тіліміздегі әр сөзге әртүрлі мағыналық реңк беріп, айта беруге болады, десе де олардың бәрін бірдей энантиосемияларға жатқызуға бола ма? Бұлардың ішінен оң және теріс мағынаның актив, жарыса қолданылып, осындай карама-қарсы мағынада қолдану тұрақты қабылдауға айналып отыр. «Сөз түрүкүмдөрүне



катышына карай эмоционалдык-экспрессивтік энантиосемияларды атоочтук жана этиштик, ал эми кепте колдонулуш деңгээлине карата тилдик жана кептик энантиосемиялар деп ич ара бөлүштүрүп кароо жөн. Тилдик жана кептик энантиосемиялар жаралыш себеп-өбөлгөлөрү боюнча бир-биринен эч бир айырмаланбайт, бирок тилдик эмоционалдык-экспрессивдик энантиосемиялардын эки (оң жана терис) мааниси тең, негизинен, элге белгилүү болуп, кырдаалга карай оң жөне терс мааниде колдонуло берсе, кептик энантиосемиялар жеке турганда бир эле (оң же терс) мааниде колдонулат, же бейтарап абалда болот, ал эми оң же терс мааниси конкреттүү бир кырдаалда ғана жаралат» деген пікірінің жаны бар [3, 19 б.].

### **Қорытынды**

Энантиосемия – бір сөз ішіндегі қарама-қарсы және бір сөздің қарама-қарсы мағынада қолданылуы. Энантиосемиялардың сырлылығы және табылуы бір сөздің қарама-қарсы мән беруінен келіп шығады. Энантиосемияның лексикалық жүйеден орын алатындығын, тілдік құбылыс екенін анықтау үшін оны өзге де лексикалық құбылыстармен салыстырып, теру керек. Антонимдер мен энантиосемиялардың жалпылығы, ұқсастығы қарама-қарсылығында, екеуінің де тең қарама-қарсы мағынасында қолданылуында жатыр. Энантиосемияны антонимияның ғана емес, полисемияның да өзгеше түрі деп қарастыруға да болады. Өйткені энантиосемия мен полисемияны біріктіріп тұрған ортақ семантикалық өзектің болуы. Бірақ көп мағыналы сөздердің мағыналарының өзара байланысу ерекшелігі бір-біріне дәл келмейді. Дәл осы байланысу ерекшелігінің әртүрлілігімен айырмашылығы байқалып тұрады. Ал полисемияда бір өзекке біріккен мағыналар әртүрлі ған болса, энантиосемиялар әртүрлі қарама-қарсы мәнде жұмсалады.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

1 Ученые записки Казанского университета. Серия : гуманитарные науки. Выпуск № 3. Том 151. – 2009.

2 **Мусин, Ж.** Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы : Мектеп, 1984.

3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 10 томдық. – Алматы : Ғылым, 1978. – Т. 1. – 671 б.

4 **Осмоналиева, Д.** Кыргыз тилиндеги энантиосемия. 10.02.01 – Кыргыз тили. Авторев. Филология илимдеринин кандидаты окумуштулук даражасин алуу учун жазылган диссертация. – Бишкек, 2007

5 **Нурбердиев М. Г.** Араб тіл ғылымындағы энантиосемия құбылысы // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы, №6 (96), 2006. 113–115 б.

6 **Усубалиев, Б.** Кыргыз тылынын антонимдер сөздугу. – Бишкек, 1998.

## References

1 Ýchenye zapıskı Kazanskogo ýnıversıteta. Seria: gýmanıtarnye naýkı. [Academic records of Kazan University. In Series : Humanitarian Sciences]. Issue No. 3, Volume 151 / 2009. Vypýsk № 3. – T. 151/ 2009.

2 **Musin, Zh.** Qazaq tiliniń antonımder sózdigi. [Dictionary of antonyms of the Kazakh language] – Almaty : Mektep, 1984

3 Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi:10 tomдық. [Explanatory Dictionary of the Kazakh language : in 10 volumes]. Almaty : Gýlym, 1978. – Vol. 1. – 671 p.

4 **Osmonalieva, D.** Kyrgyz tilindegi enantiosemia. 10.02.01 – Kyrgyz tılı. Avtorev. Filologia ilımderinin kandidaty okýmıshıtýlýk darajasın alýú ýchýn jazylgan disertasiya. [Enantiosemia in kirgiz tilindegi. 10.02.01-Kyrgyz Tili. Autorev. Candidate of philology ilımderinin okumıshıtuluk darazhasın Aluu uchun written dissertation]. – Bishkek, 2007.

5 **Nurberdiev, M. G.** Arab til gýlymyndağı enantiosemia qubylısy. QazUÝ Habarshısy, Filologia seriasy. [The phenomenon of enantiosemia in Arabic language science]. Bulletin of KazNU, Philological Series. No. 6 (96). – 2006. 113–115 b.

6 **Usubaliyev, B.** Kyrgyz tylynyn antonımder sózdýğı. [Antonyms of the Kyrgyz rear]. Bishkek, 1998.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

*А. Б. Нуртаева, Г. К. Абдирасилова*

### **Виды энантиосемии и средство ограничения их значения**

Казахский национальный женский педагогический университет,  
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

*В статье рассматриваются типы энантиосемии и их классификация в соответствии с функциональными различиями, структурой и способами возникновения энантиосемии. Энантиосемия – объективное явление. Последующие энантиосемии являются результатом множественного понимания. Хотя энантиосемия является явлением во всех языках, лишь немногие изучили и рассмотрели его. В зависимости от функциональных различий и характера противоположных семантических пар энантиосемии подразделяются на номинативные энантиосемии и эмоционально-экспрессивные энантиосемии. Особенности развития номинативной энантиосемии и эмоционально-экспрессивных энантиосемий и*

*их выражения в тексте были определены на примерах. Каждое слово в нашем языке имеет различное значение и может быть произнесено, но не все из них могут быть отнесены к одной и той же энантиосемии.*

*Ключевые слова: энантиосемия, многозначность, семантическая пара, номинативная энантиосемия и эмоционально-экспрессивные энантиосемии.*

*A. B. Nurtayeva, G. K. Abdirasilova*

### **Types of entantiosemia and ways of limitation of their meaning**

Kazakh National Women's Teacher Training University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty.  
Material received on 18.09.20.

*The article discusses the types of entantiosemia and their classification in accordance with functional differences, structure and methods of occurrence of entantiosemia. Entantiosemia is an objective phenomenon. Subsequent entantiosemia is the result of ambiguous understanding. Although entantiosemia is a phenomenon in all languages, only a few have studied and examined it. Depending on the functional differences and the nature of the opposing semantic pairs, entantiosemia is divided into nominative entantiosemia and emotionally expressive entantiosemia. The features of the development of nominative entantiosemia and emotionally expressive entantiosemias and their expressions in the text were identified by examples. Each word in our language has a different meaning and can be pronounced, but not all of them can be attributed to the same entantiosemia.*

*Keywords: entantiosemia, polysemy, semantic pair, nominative entantiosemia and emotionally expressive entantiosemias.*

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)